Әділет

# Ақмола облысы аймағындағы бар ғимараттар мен құрылыстардың қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету туралы

## *Күшін жойған*

Ақмола облысы әкімінің 2002 жылғы 13 тамыздағы N а-8/99 қаулысы. Ақмола облысының Әділет басқармасында 2002 жылғы 28 тамызда N 1282 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2009 жылғы 10 қарашадағы № А-12/485 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2009.11.10 № А-12/485 қаулысымен.*

16.07.2001 ж. N 242-2 "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қалақұрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 21.05.02 ж. N 23-16/003-206 тапсырысы бойынша және Қазақстан Республикасы Үкіметі Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық бақылаудың бірыңғай ережесін бекіткенге дейін және құрылысы аяқталмаған, иесіз, қирап істен шыққан ғимараттар мен құрылыстардың бұзылып, бүлінуіне жол бермеу мақсатында облыс әкімдігі етеді:

1. Ақмола облысы аймағында орналасқан ғимараттармен құрылыстарды техникалық бақылау шаралары бекітілсін (1 қосымша).

2. Аудандар мен Көкшетау, Степногорск қалаларының әкімдіктері:

1) Нысандардың иелері 1 қосымшаға сәйкес, ғимараттар мен құрылыстарды техникалық бақылау шараларының қатаң орындалуын қамтамасыз етсін.

2) Нысандардың иелері аталмыш шараларды орындауына үнемі бақылау жүргізсін, иелері болмаған жағдайда оның тұрған жерін айқындап, жауапкершілікке тартсын. Егер иелері ұзақ мерзім қатынаспаған жағдайда және нысандарын қанағатты түрде ұстаудан бас тартса, 1994 ж. 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі негізінде (242 баптағы 1,3 тармақтары және 235 баптағы 3 тармағы), ондай нысандарды алып құрылысын аяқтауға, демонтаждауға мүмкіндіктері бар басқа заңды және жеке тұлғаларға беру, немесе сату мүмкіндіктері туралы шешім қабылдау мақсаттарында істерді сотқа тапсырсын.

3) Мемлекеттік меншіктегі нысандардың құрылысын аяқтау оған ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің үлестерін қатыстыру мүмкіндіктерін қарастырсын.

4) Қазақстан Республикасы Құрылыс істері комитетінің 2004 жылғы 5

ақпандағы N 42 бұйрығымен бекітілген "Ғимараттар мен құрылыстардың жайына техникалық қадағалау ережесі" баланс иелерінің назарына жеткізілсін. <*>

*Ескерту. Тармақ 4-тармақшамен толықтырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2005 жылғы 30 мамырдағы* N А-5/176 *қаулысымен.*

2-1. Ақмола облысының сәулет құрылысты бақылау мемлекеттік басқармасы (Хамитов Т.Ж.) ғимараттар мен құрылыстарды салу, қайта жаңарту, күрделі жөндеу кезінде орындалатын құрылыс-монтаж жұмыстарының, сондай-ақ салынып жатқан объектілердегі атқарылатын құжаттарды рәсімдеудің сапасына бақылауды күшейтсін. <*>

*Ескерту. 2-1 тармақпен толықтырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2005 жылғы 30 мамырдағы* N А-5/176 *қаулысымен.*

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ.М.Отаровқа жүктелсін. <*>

*Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 2005 жылғы 30 мамырдағы* N А-5/176 *қаулысымен.*

*Облысы әкімі*

Облыс әкімдігінің
2002 ж. 13.08.
N а-8/99 қаулысына

1 қосымша

Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық бақылау шаралары

| N | Шаралардың түрі, атауы | Тексеріс мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Ғимараттар мен құрылыстардың негізді көтеруші құрылымдарын (іргетастарды, сыртқы және ішкі көтеруші қабырғаларды, аражабындарды, балкондарды, лоджияларды, шатырларды, бағаналарды, фермаларды, аркаларды, тіректерді және т.б.) көзбен қарап тексеруден өткізу. | Тоқсан сайын, (жылына 4 рет) | Нысанның иесі |
| 2 | Құрылымдардың қиғаш, көлденең жарықшаларын, шөгуін, майысымын айқындаған кезде, жұмыстарының түрлеріне сәйкесті мемлекеттік лицензиялары бар, жобалау ұйымдарды, мамандандырылған кәсіпорындарды | Қажетті-лігінше | Нысанның иесі |

  және құрылыс зертханаларын толық тексеріске
  қатыстыру, сонымен бірге, қирап, істен шығуы
  ықтимал жағдайда Облыстық сәулет, құрылыс,
  тұрғын үй-коммуналдық және жол шаруашылығы және
  Төтенше жағдайлар басқармаларына мәліметтер беру
---------------------------------------------------------------------------
3 Құрылымдардың жобамен есепке алынбаған қосымша      Көктем    Нысанның иесі
  жүктеулері уақытында тазарту (қар, құрылыс қоқыс   кезінде
  және т.б.)
---------------------------------------------------------------------------
4 Нәтижелерін арнайы журналға жазып, сумен,          Көктем-  Нысанның иесі
  жылумен жабдықтайтын құбырларды, канализацияны,    күз
  жарық жүйесімен жабдықтау тораптарын уақытында     кезең-
  тексеруден өткізу.                                 дерінде
---------------------------------------------------------------------------
5 Мұржа құбырларының жағдайын тексеру, желдеткіш      Жылына  Нысанның иесі
  желістерін, қалыптарды және т.б. жұмыс қалпында    2 реттен
  ұсталу.                                            кем емес
---------------------------------------------------------------------------
6 Ғимараттардың жерасты бөлімдерінің периметрі       Үнемі   Нысанның иесі
  бойынша отмосткілерін қалпында ұстау жолымен
  суөткізбеушілігін қамтамасыз ету, жақын
  аймақтарға су тигізбей, тасқын, қар суларын
  уақытында қайтарып шығарып тұруды қамтамасыз ету.
---------------------------------------------------------------------------
7 Қабылдау шұқырлардың және ішкі мен сыртқы суағар   Үнемі   Нысанның иесі
  құбырларының жағдайына үнемі бақылау жүргізу.
---------------------------------------------------------------------------
8 Әрбір жекеменшік нысандарына ғимараттар мен       Мерзімді Нысанның иесі
  құрылыстарының техникалық жағдайы туралы          тексеріске
  журнал жүргізу, ғимараттар мен құрылыстардың      сәйкес
  техникалық жағдайын жоспарлы тексеру
  нәтижесін тіркеу.
---------------------------------------------------------------------------

Маман: М.Закиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК